

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 75 жылдығына

Ақтөбе өңіріндегі бас көтерулер

Қазақстан тарихындағы ер-сіңе маңызды оқиғалардың бірі—1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Әдетте осы тарихи көтеріліс туралы сөз болғанда Ұлы Қазан революциясына жалғасқанын баса айтып, көбінесе осынау қанды оқиғаның шиеленіскен тұстарына көп мән бере қоймайтынмыз белгілі жәйт. Шындығында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстанның басқа жерлеріндегідей Ақтөбе өңірінде де халық басына түскен зобалаң, азатты да ауыр күндер еді. Бұған тарихтың өзін куә.

1916 жылғы 28 маусым күні Ақтөбе уезінің начальнигі Мяснишев телеграф арқылы ішкі істер министрі мен әскери министірден «бұратаналардың тылдағы жұмыстарға реквизициялау жөнінде бұйрық алды».

«Бұратана халықтардан 16 мен 31 жастың арасындағы жастарды майданның қара жұмысына алу туралы» ақ патшаның маусым жарлығы сахараға тез-ақ тарайды. Ел дүрлікті, азамат басына іс түсті. Ашынған халық бұған қарсылық көрсетіп, қара жұмысқа алынатындардың тізімін жойып жіберді.

Алғашқы бас көтерулер Ақтөбе уезінің Әлімбет болысында басталды. Шілденің 13-і күні болыстың екі писарі тізімді бермегені үшін өлтірілді. Ақ 16 шілде күні Ақтөбе болысының көтерілісшілері өз болысын өлтіріп, тізімдерді қолға түсірді.

Тамыз айының 3-і күні Әлімбет болысында болған көтеріліске қатысқан 13 шаруаға сот болады. Оларға «ақпашаның жарлығын орындамағаны және екі писары өлтіргені үшін» деп айып тағылды да, Ақтөбе түрмесіне қамалды.

Жұрттың сынайылап қорыққан уездің начальнигі Мяснишев жергілікті әкімдер мен құрметті ауыл ақсақалдарын жинап кеңес өткізіп, оларға елді аралап үгіт жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Бұл жарлықты орындау үшін жергілікті әкімдер, би-болыстар жандарын салды.

18 шілде күні Ақтөбе уезінің Бөрте болысында мың адамнан құралған көтерілісшілер отряды ұйымдасып, найзамен, соғылмен, шінара мылтықпен қаруланған көтерілісшілер Ақкемер станциясын басып алуға әрекет жасады. Көтерілістің күн өткен сайын қанаты кенге жайылып, наразылық көрсеткен елді-мекендер, қозғалысқа қатынасқан адамдардың сайы көбейе түсті.

Ор өзенінің жағасынан салынған мешітке Тоқан болысының мың Қаралы қазақтары жиналып, күдейға құлшылық етіп болғаннан кейін, араб әрпімен жазылған «Тылдағы жұмысқа қазақтарды алу туралы» бұйрықты оқыған Ес-Боловты тоқтатып, жұмысқа алынатындардың тізімін жариялай бастаған болысты қаушымен ұрып, тізімді тартып алды, жұртып тастады. Елдік қорыққан болыс мешітке тығылып жан саяқтаған.

23 шілде күні Төректі болысының жігіттері Нұрым болатан тізімді беруді талап етті. Қарсылық көрсеткен болысты көтерілісшілер өлшісі түсіп сабап, ат-құйрығына байлап өлтірді. Көтерілісшілер болатан ауылын шауып, тізімді тартып, болыстың мөрі мен омырауға тартатын белгісін, ақшасын тартып алды. Көтерілісшілер ұйымдастырып басқарған Даурен, Сатыпалды, Жа-

мансары, Қали деген жергілікті қазақтар болатын. Кейін көтеріліс басылғаннан кейін көтерілістің басшыларын соттап, 7 ай түрмеде ұстайды. Сонымен Дауренді 1918 жылы Херсон болысының байлары атып өлтірген.

Шілденің екінші жартысында Ақтөбе уезінің Истимес және Тастыбулак болыстарының жігіттері өз болыстарын өлтіріп, тізімдерді жойып қалықты көтеріліске үндөген.

Осы кезде Орал облысының Темір уезінде көтеріліс басталды. Шыңғырлау болысының №5 ауылында көтерілісші қазақтар жастардың тізімін көрсетпей, оның писарін өлтірді.

Ақтөбе уезінің Қарақобда, Сазды, Косестек болыстарының жігіттері тізімді қолға түсіріп, жойып жіберді. Осы кезде Ырғыз уезінің Төуіп, Белқопа, Қарасай болыстарында жағдай шиеленісіп Төуіп болысының управителі ауыр жараланды, ал ауыл старшиналары көтерілісшілердің қолынан қаза тапқан. Осы уездің Кеңжегара болысында көтерілісшілер болыс кеңесін талқандады.

Тамыз айының ортасында Ақтөбе уезінің Қарабұтақ болысында бас көтерулер басталды. Орал облысының Темір уезіндегі Жем болысының №5 ауылында шаруалар болысты сабап, тізімді тартып алған. Темір уезінің басқа да болыстарында қаруланған жігіттер күні-түні ат үстінен түспей, болыс кеңесіне шабуыл жасады.

Белқопа, Талайк және Темірастау болыстары Ырғызғадайын тізімдерді алпа жатқанда 200-дей көтерілісшілердің қолына түседі. Абыр, сойыл, шоқпар, найзамен қаруланған көтерілісшілер оларды қоршап алып таяқты жаудырады. Осы жерде Оразалин және Лобов деген писарлар найзаға шаншылып қаза тапты.

Ақтөбе, Ырғыз, Темір уездерінің барлық түзілдерінде көтерілісшілер отрядтары құрылып, оларға Байқоңыр руднигінің, Шоқпаркөл тас көмір кен орнының және Орынбор—Ташкент темір жолының жұмысшылары да келіп қосылған.

1916 жылдың күзіне қарай көтерілісшілердің отрядтары толығып, үлкен күшке айнала бастады. Ырғыз уезінің Құланды, Кабырға, Ордақонған болыстарында көтерілісшілер жаппай әрекетке көшіп, болыстар мен ауыл старшиналарын өлтіру етек алды.

Көтерілісшілер жергілікті байларға қатты соққы беріп, ауылдарын талқандап, киім, азық-түлік алды, отрядқа қажетті жылқыларды айдап кетіп отырды. Ақтөбе уезінің Бақсай болысында үлкен көтерілісшілер отряды болысты өлтіріп, №1 ауылдың байларынан 2 мыңдай жылқысын айдап кеткен.

Көтерілісшілердің тағы бір тобы бай Кеңжалы Жүсіптовтың аулына шабуыл жасап, оның бір топ жылқысын қуып кеткен. Кеңжалы бай үш ағасымен әрең қашып құтылған. Ырғыз уезінің Қызылжар болысының көтерілісшілері мен байлардың арасындағы қақтығыста көтерілісшілер 6 ақсақалды өлтіріп, байлардың отрядына соққы берген. Қазан айының ортасында Кеңжегара болысының көтерілісшілері болыс Алматының 500 жылқысын, Қошқарбай байдың 100 жылқысын, Файып сәудегердің 115 жылқысын айдап ал-

ып, көрші Төуіп және Аманкөл болыстарының көтерілісшілерімен тығыз байланыс орнатқан.

Қызылжар болысы көтерілісшілерінің басшысы Тайшым Орысұлы өз отрядымен Омар Шынарбаев деген бай бастаған 60 адамдық жазалаушы отрядпен Малайсор деген жерде кездесіп, шайқастың нәтижесінде Ағыбай Барқыбаев, Сағындық Оспанбаев, Қожак Маяатов, Берден Жекібаев деген байларды және олардың серігі Қойшыбай Қасқұлақовтарды тұтқындап, 6 байды кеңестің шешімі бойынша атып өлтірген.

Қыркүйек айында құрылған Тайшым Орысұлы отрядында 900-ден астам адам болған. Кейін қызылжарлық көтерілісшілер Аманкөл, Төуіп болыстарының көтерілісшілерімен қосылып, бірігіп киімді жасады. Қажыкөл көлінің тұсындағы орыс әскерлерімен шайқаста көтерілісшілер құрамында 1,5 мың адам Төуіптеп, 2 мың көтерілісші Аманкөлдеп, 2 мыңға жуығы Қызылжар болысынан қатысқан.

Тайшым Орысұлы мен оның 58 көтерілісшісі үстінен Қызылжар болысының 6 байын өлтіргені және патшаға қарсы көтеріліс жасағаны үшін 1916 жылдың 4 қарашасында іс қозғалып, ал 1917 ж. ақпанда аяқталды. Тайшым Орысұлы, екі ұлы және басқа көтерілісшілер әскери трибуналға соттауға тапсырылды. Ақпан революциясының жүзеге асуына байланысты бұл іс 1917 жылдың 17 сәуірінде тоқтатылып, Тайшым Орысұлы 1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына байланысты ҚазЦИК шешімімен көтерілістің көрінекті басшыларының бірі деп танылып «Қазақ ССР-іне 15 жыл» деген омырауға тартатын белгімен наградалды.

22 қазан күні Құйылыс, Текелі, Қарабұтақ маңайында көтерілісшілердің ірі-ірі топтары шоғырланып, Ырғыз—Торғай почта жолын басып алып, ондағы почта бекеттерін қиратты, ал 30 қазан күні көтерілісшілер Ырғыз бен Қарабұтақ арасындағы байланыс жүйесін істен шығарды. Қараша айының басында 15 мың көтерілісші Сексеуіл станциясына шабуыл жасап, поездардың жүріс ырғағын бұзды. Осы кезде Ақтөбе уезінің Белқопа болысында көтерілісшілер жазалаушы отрядпен шайқасқа кірісті.

Көтерілісшілердің жазалаушы отрядпен шайқасы бірте-бірте партизандық сипат алды. 6 желтоқсанда Ырғыз уезіндегі Ұлпан станциясында 4 мың көтерілісші есауыл Фроловтың отрядымен шайқасты.

Торғай гарнизоны бастығының талабы бойынша Ақтөбе, Шалқар, Ырғыз арқылы Орынбор жағынан әскерлер келіп жазалаушылар отрядтарының саны біртүресе есе көбейді.

Орынбор облыстық басқармасының аға кеңесшісі подполковник Агапов басқарған 5-ші запаротары Орынбор казак жүздігі Ырғыз уезінің Кеңжегара болысында жазалау әрекеттерін жүргізді.

Ротмистр Метельскийдің үш маршруттық эскадроннан құралған отряды 9—11 желтоқсанда Кеңжегара болысының ауылдарын аралап, оларды түгелімен қиратты, ауылдарды қанға батырды.

Жоғарыда айтылған Қажыкөл маңындағы шайқаста Фон Розен отряды 800-ден астам көтерілісшілерді өлтірген.

Көтерілісшілерді қуғындаған Фон Розенге генерал Лаврентьев Ырғыздан подполковник Остроградскийдің отрядын көмекке жіберді, екі отряд қосылып Төуіп тұсында көтерілісшілердің лагеріне шабуыл жасады. 300-ге жуық киіз үйден тұратын көтерілісшілер лагері талқандалып, 500-дей көтерілісші орыс жазалаушы әскерлерінің қолынан қаза тапты. Сөйтіп Төуіп, Аманкөл, Қызылжар болыстарындағы көтеріліс қан-жосаға боялып басылды.

Көтеріліс 1917 жылдың басында да толастаған жоқ. Кескілескен негізгі ұрыстар Ырғыздың Төуіп, Қарабұтақ бағытында және Ақтөбе уезінің Әлімбет, Қобда бағытында жүрді. Көтерілісшілер жанадан шабуылға шығу үшін қуш жинап, дайындала бастады. Көптеген көтерілісші отрядтар Торғайда ұрыс жүргізіп жатқан Амангелді Иманов сарбаздарына барып қосылды.

1916 жылғы оқиғаларды айта келіп мына бір деректерді де келтіруді жөн көрдік. Қазақ ССР мемлекеттік орталық архивінде С. Ужгин дегеннің естелігі сақталған. Сонда ақтөбелік жерлесіміз жыр алыбы Нұрпейіс Байғаниннің 56 жасында ел аралап, жастарды ақ патшаға қарсы көтеріліске шақырып, өзінің жалынды жырларымен халықты жігерлендіре түскенін баяндайды. С. Ужгин былай еске түсіреді: «Есімде мынадай оқиға сақталыпты. Бірде біздің «Дала» («Стень») деп аталатын демократияшыл-прогрессивтік эстеттік революцияшы да секретарь (хатшы) болып жұмыс жасап жүрген кезімде маған бір ақын өлейі келіп өзінің халықтың өмірі туралы жырларын жазып алуымды өтінді. Бұл кезде ол біраз жасқа келіп қалған еді. Қазақтар оны Нұрпейіс деп атайтын. Қарабұтақ болысында Нұрпейіс әрқашан да қалаулы қонақ болатын.

Менің Нұрпейіс жырлары тыңдағым келді де Троицкіден 40 шақырым жердегі №5 ауылға бардым. Шілденің тынық кеші еді. Алаңқайға жас жігіттер мен орта жастағы еркектер жиналды. Майданның қара жұмысына қазақ жігіттерін алу туралы қызу әңгіме басталды. Нұрпейіс елдің әңгімесін ұзақ үйіп тыңлады. Бір кезде ол қолын көкке көтерді.

—Нұрпейіс сөйлегісі келеді, Нұрпейісті тыңдайық, деген дауыстар естілді.

—Мен сөйлемеймін. Қиян сөздерде мен жыр төгемін,— деп Нұрпейіс қолына домбырасын алды да саусақтарымен ішектерді шерте бастады. Сезімге толы дүрлдеген жігерлі де наәзік үн жұртты баурап алды. Осылай көтеріліс туралы жыр туған болатын».

Ұлы Отан соғысы жылдарында жалынды жырларымен жентелі жақындатқан Нұрпейіс творчествосының бастауы бұлағы 1916 жылғы қанды жылдардан осылай басталған екен. Біз осы деректі оқырманы қауымға жеткізуді борышымыз санаймыз.

Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 75 жыл толады. Біздің ойымызша Қазақстан тарихындағы осы маңызды оқиғаға тереірек мән беріліп, оның түп-төркіні жан-жақты зерттеле түссе дейміз. Бұл ең алдымен болашақ ұрпақ үшін қажет, өткен тарихымызды тәрпаулау үшін қажет.

В. ҚҰРМАНБЕКОВ.
Қобда ауданы.

(Handwritten signature)